



Алақөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№3 (8038) 14. 01. 2023.
Сенбі / Суббота



Еңбек майталмандарына құрмет

Ауыл шаруашылығы – жауапкершілік пен қажырлы еңбекті талап ететін жүгі ауыр сала, елдің наны. Тынымсыз тіршілікке қажетті еңбектің арқасында бүгінде аграрлық сектор жақсы дамып келеді. Ауыл шаруашылығы мамандары да соған лайық марапатталуы ләзім.

Осыған орай, ауыл шаруашылығы күніне байланысты З.Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйінде өңір басшысы А.Абдинов ауыл шаруашылығы мамандарын мерекелерімен құттықтап, осы салада көп жылдар бойы абыройлы қызмет атқарып келген жерлестерімізді облыс әкімінің, аудан әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаттары және ақшалай сыйлықтармен марапаттады.

Шара соңы жергілікті өнерпаздардың концерттік бағларласымен аяқталды.

Өз тілшіміз.

Төл мерекелерімен құттықтады

Желтоқсан айының әрбір үшінші жексенбісінде Қазақстанда Энергетиктер күні аталып өтіледі. Жіңішке электр желісі қазіргі прогрессивті әлемді тас дәуірінен бөліп тұр. Көптеген адамдар үйінде жарық пен жылу болуын қамтамасыз ету үшін күнітүні тынымсыз еңбек етеді. Күні қайнаған аптап ыстық оңтүстіктен, аязды солтүстіктен, ойпат пен аңғардан тау мен төбеге дейін барлық жерде электр желісі тартылады, оны басқаратын да инженер-энергетик. Ал оның өзіндік ерекше, қайталанбас мерекесі – энергетиктер күні бар.

Айтулы мерекеге орай аудан әкімінің орынбасары Д.Қанағатов қызметтік міндеттерін үлгілі атқарып, өңір халқын жарықпен үздіксіз қамтамасыз етуде ерен еңбек сіңіріп жүрген энергетика саласының қызметкерлерін салтанатты түрде қабылдады.

Қабылдау барысында Д.Қанағатов жиналғандарды мерекелерімен құттықтап, энергетиктер-



ге өз жұмыстарын шеберлікпен атқарып, абыройлы қызметтері үшін зор алғыс айтып, алдағы уақытта да еліміздің өсіп-өркендеуіне үлестерін қоса беретін-

деріне сенім білдірді.

Шара соңында бірқатар азаматтарды аудан әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарымен марапаттады.

А.СҮЛЕЙМЕН.

Марапат мерейді өсіреді



Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен аудан тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы іс-шаралар өткен жылы өз ретімен ұйымдастырылды. Атқарылған жұмысқа баға беріп, алдағы қадамдарды айқындау мақсатында ақпараттық түсіндіру тобының мүшелерімен арнайы жиын өткізілді.

Аталған іс-шарада аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Б.Айтахметов сөз сөйлеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру аясында белсенділік танытқан бірқатар азаматтарға аудан әкімі орынбасарының Алғыс хаттарын табыстады. Аудандық ақпараттық түсіндіру топтарының мүшелері Ұ.Дүйсебаева, аудандық қоғамдық келісім кеңесінің төрайымы К.Бектеминова мен аудандық «Алақөл» газетінің

бас редакторы, аудандық мәслихат депутаты А.Есенбеков сыбайлас жемқорлыққа қатысты сөз сөйлеп, пікір бөлісті.

Шара барысында аудан тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жолында қоғамдық шараларға белсенділік танытқаны үшін А.Есенбеков, Г.Базылханова, Б.Ондабаев, Б.Нығметұлы, М.Нұрғалиева, К.Бектеминова, А.Жұмашева, Н.Ахметбаева, А.Қайрамбековаға аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужановтың Алғыс хаттары мен бағалы сыйлықтары табысталды.

Жемқорлық – бұл кез-келген ұлттың, бүтіндей мемлекеттің болашағына балта шабар, оның дамуы мен өркендеуіне кедергі келтіретін бірден-бір кесел екендігі сөзсіз. Онымен күрес жалпыұлттық сипат алуы да маңызды құбылыс. Себебі, бармақ басты, көз қысты әрекеттермен біз тек жұрт болып жұмыла күресе алатынымыз сөзсіз.

Өз тілшіміз.

Жуырда ҚР Парламенті сенатының депутатына үміткер Ғабит Тұрсынбайұлымен аудандық әкімдікте кездесу өтті.

Оған аудандық мәслихат депутаттары, бөлім, мекеме басшылары мен



Үміткермен жүздесті

мамандары қатысты.

Сөз алған аудандық мәслихат хатшысы С.Жабжанов алдағы сайлау науқанының «Жаңа Қазақстанды» құрудағы маңыздылығын түртіп өтіп, сәттілік тіледі.

Артынша үміткер Ғ.Тұрсынбайұлы өзінің өмір жолы мен қызметтік белестері және сайлауалды бағдарламасымен таныстырып кетті.

Ғабит Тұрсынбайұлы облыс жұртшылығына көптеген игі істерімен танымал, әрі қызметтес әріптестерінің арасында беделді. Халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға, семинарларға және кеңестерге қатысып, мақалалары жарияланған. Облыстық Ассамблея жұмысын жетілдіруге байланысты шыққан бірнеше әдістемелік жинақтардың, қазақ, ағылшын және орыс тілінде 2006 жылы

«Жұлдызы жарқыраған Жетісу», 2017 жылы «Жетісу-достық өлкесі» түрлі-түсті иллюстрациялық жинақтың редакциялық жұмысын басқарды.

2019 жылы жарық көрген «Алматы облысының республикалық, өңірлік және жергілікті маңызы бар киелі орындары» атты ғылыми-танымдық монографияның авторларының бірі. Талай жылдар бойы мемлекеттік қызметтік жілігін шағып, майын тамызған майталман азаматтардың қатарында жүр.

Өзінің сайлауалды бағдарламасында ең алдымен халықтың мүддесін көздей отырып, әлеуметтік салалар мен ауыл ахуалын дамытуды көздеп отыр.

А.ЕСЕНБЕКОВ.

Мағлұматы мол мұра

Ұлы даламызда өзінің ұлан-ғайыр даласындай көң мәдениеті өте ауқымды. Біздің халқымыз – өмірлік мәдениетке өте бай халық. Елімізде қаншама тұлғалар тарихы, олардың артына қалдырып кеткен үлгі-өнегелері де ұшан-теңіз. Ата-бабамыз мұра етіп тастап кеткен ерлік пен елдіктің, тамаша ұлттық дәстүрлеріміздің өзі бір төбе. Өткен ғасырлардағы ат ауыздықпен су ішіп, ерлер етігімен су кешкен, жау жабадан алып, бөрі етектен тартқан алмағайып заманда да ата-бабамыз ұрпағына жол көрсетіп, тәрбие беріп, өшпес тарих қалдырған. Оның айғағы, өткен дәуірдегі тасқа қашалған тарихтан біздің еліміздің іргелі ел, мәдениеті зор мемлекет болғандығын көреміз.



Осы іргелі елдің бір бөлігі – Жетісу облысындағы Алакөл ауданы. Бұл аудан тіршіліктегі асау толқындарға өткел бермей, қарқынды дамып келе жатқан аудандардың бірі. Бұл өлке – шежіре мен тарихқа, табиғат пен жануарлар әлеміне өте бай аймақ.

Адамдар дүние есігін ашқаннан бастап, қоршаған ортаны, тарихты, табиғатты тану үшін оның даму заңдылықтарын зер сала зерттеп, тынымсыз еңбек етеді. Осындай азаматтардың бірі де бірегейі – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Ал-

маты облысының және Алакөл ауданының Құрметті азаматы, Мемлекеттік қызмет және төтенше жағдайлар саласының үздігі, бірнеше кітаптардың авторы – Ахмет Кендірбекұлы.

«Жігіт жанында жүрсе – жолдасың, жауға салсаң – жолбарысың, ол ортада жүрсе – орманың, сыртқа шықса – қорғаның» деп біздің халқымыз ер жігітке зор сенім білдірген. «Жүйрік – алысқа, жігіт – намысқа шабады», - деп мақтан еткен. Осы даналық ойлар жерлесіміз Ахмет Кендірбекұлына арналғандай. Олай дейтінім, бес жылдан астам уақыт Алакөл аймағын бірнеше

дүркін аралап, ауданымыздың тұрмыс-тіршілігін зерттеп, белгілі тұлғалар туралы ақпараттар жинап, «Атамекен Алакөл» атты энциклопедиялық анықтамалығын жарыққа шығарды. Жинақтың тұсаукесері былтыр қараша айының 25 жұлдызында З.Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйінде өтті.

Энциклопедияны парақтап қарап, оқи отырып, өткенде қалған тарихты, оның бүгінгі күнмен сабақтастығын көресің. Алакөл мен Үйгентас аймағының тарихы мен шежіресін, белгілі қайраткерлер мен танымал тұлғалардың өмір деректерін, жер-су, өсімдіктері мен өңірімізді мекендейтін аңдар әлемінен де ақпарат аласың. Осы орайда, энциклопедиялық анықтамалықтың кейінгі жастарға берері көп. Өйткені, жас ұрпақ өңіріміздің өткен тарихынан, іскер азаматтардың өнегелі өмірінен үлгі алады. Елін сүйген әр перзент айналасын бауырына тартып, атамекеніндегі береке-бірлікті өткен тарихты жоғары ұстайды. Міне, жинақтағы Ахмет Кендірбекұлының негізгі мақсаты да осы. Қай заманда болса да ұлттың рухын көтеру, ұлттың салтын тарихын сақтау – үлкен адамгершіліктің белгісі.

Осындай үлкен еңбек сіңіріп, Алакөл халқының рухын көтеріп, ұрпаққа жол сілтеп, өшпестей қызмет еткен Ахмет Кендірбекұлына алғысым шексіз. Бұл жинақ алакөндіктердің әрқайсысының төрінде тұратын шуақты кітап.

Ұлжалғас ДҮЙСЕБАЕВА,
ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Алакөл ауданының Құрметті азаматы, аудандық аналар кеңесінің төрайымы.

Тәуелсіз елдің жастары



Жуырда егемендіктің құнын арттыру мақсатында аудандық жастар ресурстық орталығы мен пробацация қызметі және аудандық прокуратураның ұйытқы болуымен пробацация қызметі бөлімінде тіркеуде тұрған азаматтар арасында Абай орта мектебінде «Тәуелсіз елдің жастары» атты спартакиада өтті.

Іс-шараның салтанатты ашылуына аудандық прокуратура қызметкері М.Алмасұлы, аудандық пробацация бөлімінің басшысы А.Қанабеков, аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Т.Қабылқанов қатысты. Спартакиада Мемлекеттік гимнмен ашылып, құттықтау сөз алған «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Қ.Көкебаев

өз сөзінде: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың потенциалын ашу үшін жаңа зор мүмкіндіктер құруына байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», – деп ақжарқын тілегін айтты.

Жарыс 4 спорт түрінен өтті. Олар: яғни ұзындыққа секіру, кермеге тартылу, бір тасын көтеру, арқан тарту. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы алғыс хаттармен марапатталды. Аталған іс-шара алдағы уақытта өз жалғасын табатын болады.

А.СҮЛЕЙМЕН.

жетімділікті жеңілдетеді.

Қоғамның бүкіл өмірі сандық сандық форматқа ауысуда. Сонымен, аталған бастаманың бас-

бұрыштарда арнайы мамандар бекітіліп, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Осы жаңа бастаманың арқасында

Жердің қорғаны – ерлер

2012 жылғы 16 ақпанындағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабына сәйкес, Алакөл ауданы әкімінің 2022 жылғы 29 желтоқсанындағы Қаулысының негізінде өңірімізде 2006 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу басталады.

Тіркелуге келуге 2006 жылдың 1-ші қаңтары мен 31-ші желтоқсанды қоса алғанда туылған жасөспірімдер Алакөл ауданының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын барлық азаматтар жатады.

Әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге жататын барлық азаматтар Үшарал қаласы Б.Момышұлы көшесі № 103 мекенжайы бойынша тіркелуге міндетті. Шақырту учаскесіне тіркеу 2023 жылдың 18 қаңтарынан 31 наурыз аралығында жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша

келуге міндетті.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан республикасының Заңының негізінде меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, білім беру ұйымдарының басшылары тіркеуден өту үшін әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге жататын азаматтарды қажетті уақытта босатуға және олардың Алакөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келуін қамтамасыз етуге міндетті.

Қабылдау уақыты: күнделікті сағ: 09:00-18:00 дейін.

Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

Сенім телефоны: 2-13-40, 2-16-39.

Х.ТЛЕУКЕЕВ,
Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жасақтау бөлімшесінің бастығы, подполковник.



Электрондық үкімет – ел мүддесіне



«Электрондық үкімет» азаматтарға мемлекеттік қызметшілермен тікелей өзара іс-қимыл жасамай, әлеуметтік маңызды мәселелерге жауаптарды алуына мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде әкімшілік сипаттағы барлық мүмкін болар кедергілерді алып тастайды, сондай-ақ ресми ақпаратқа қол-

ты құралы саналар еGov.kz порталы қарапайым азаматтардың мемлекеттік қызметтерге жылдам қол жеткізуі үшін өте қолайлы болып тұр.

Осы ретте Тоқжайлау ауылдық округінде де сандық сауаттылықты арттыру бойынша түрлі жұмыстар атқарылуда. Атап өтсек еGov.kz порталы арқылы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары әкімшілікте, Тоқжайлау орта мектебінде, Тоқжайлау политехникалық колледжінде орнатылып, халық игілігін көруде. Аталған

Б.ТЕМІРБАЕВА,
Тоқжайлау ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы.

Почему одаренные дети обладают талантом? Как известно, талант - это выдающиеся способности человека, проявляемые в определенной сфере деятельности. Среда, в которой возвращаются такие дети и воспитание помогает развиваться талантливым детям, улучшать их знания, расширять багаж умений и навыков.

В средней школе имени Сакена Иманасова под руководством заместителя директора по научно-методической работе Омарбаевой Алмы Мейремабаевны ведется работа с одаренными, талантливыми детьми. По определению английского ученого Ж. Рензулли следует что: «Одаренность - это наличие у ребенка интеллектуальных и творческих способностей». Постоянная работа, различные мероприятия, постоянный поиск методов и приемов в работе с



декламации художественных произведений.

Мирасқызы Айару, которая стремится узнать больше, проявить себя не только в знаниях по общеобразовательным учебным дисциплинам, но и участвовать в различных мероприятиях, пробуя себя в чем-то новом, стала обладателем Гран-при в рамках конкурса портфолио «Дарынды оқушы - 2022», затем завоевала 1 место в мероприятии «Жыл оқушысы - 2022». А в рамках фестиваля стала обладателем номинации «Тіл майталманы» в жанре «Художественное слово» среди учащихся

Решать проблемы совместно

В районном акимате состоялось очередное заседание комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав под председательством заместителя акима района М. Толеужанова. Основная тема очередного заседания - обсуждение проводимой работы с несовершеннолетними подростками, родители которых безответственно относятся к своим обязанностям.

Необходимо отметить, что в некоторых семьях нашего района родители не уделяют должного внимания своим детям. В результате такие учащиеся несмотря на хорошие показатели по общеобразовательным школьным дисциплинам и удовлетворительное поведение, чаще подвержены стрессу в домашних условиях, в результате чего нарушается их эмоциональное состояние.

К примеру, в одной из СШ с. Кабанбай возникла ситуация с родителями несовершеннолетнего, для учебы которых не созданы надлежащие условия. К сожалению, родители учащихся не достаточно занимаются воспитанием детей. Отец постоянно занят на работе, а мать несмотря на то, что не пьет, вообще не уделяет детям никакого внимания. В доме полная антисанитария, дети выглядят неопрятно, из-за этого один из детей ушел жить к родственникам отца и не желает возвращаться домой.

Администрация школы забила тревогу, пытаясь вразумить безответственных родителей учащихся. Ведь подобная ситуация негативно сказывается на дальнейшем становлении и раз-

витии детей. На неоднократные замечания администрации школы и сотрудников ювенальной полиции, мать не отреагировала.

Членами комиссии по делам несовершеннолетних было принято решение дать шанс на исправление родителям учащегося, привести место проживания в порядок, создать соответствующие условия детям для полноценного развития и учебы.

Второй вопрос, который был рассмотрен на заседании, касался учащейся 9 класса Булактинской СШ. Дело в том, что на эту девочку оказывалось моральное давление со стороны одноклассниц, в результате которого возник конфликт. В данный момент и педагоги, и родители одноклассниц несовершеннолетней пытаются принять меры для его разрешения.

Таким образом, было принято решение родителей обидчиц привлечь по статье 127 статьи кодекса РК «Об административных правонарушениях», классному руководителю сделано замечание о недостаточной воспитательной работе с учениками. Директору необходимо контролировать работу классного руководителя с родителями и учащимися.

Комиссия решила продолжить работу по принятию мер в целях обеспечения поддержки детей, которые нуждаются во внимании и заботе, не только со стороны общества, но и их родителей.

Ш. АСИНА.

Таланты многогранны

одаренными детьми помогает ученикам активно проявлять свои способности.

Недавно учащиеся данной школы приняли активное участие в районном фестивале юных одаренных детей под названием «Біз бақытты баламыз», который прошел в с. Кабанбай. Данное мероприятие прошло в целях формирования у подрастающего поколения духовно - нравственных возможностей, а также развития культуры и языка, выявления и оттачивания детских талантов. Мероприятия подобного рода позволяют создать благоприятные условия для творческого развития учащихся, прививают эстетический вкус, повышают

активность детей, расширяют языковые навыки.

В фестивале приняли участие ученица 10 класса - Серикқызы Фатима, ученики 5 класса Мирасқызы Айару и Қадылетов Еркін, а также учащиеся 11 класса - Мендібай Айнұрым, Қурманжан Альмира.

Данный конкурс пополнил копилку СШ им. Сакена Иманасова следующими достижениями: Фатима Серикқызы среди подростков 14 - 18 лет, и Қадылетов Еркін среди учащихся 11 - 13 лет в рамках жанра «Художественное слово» заняли почетное 1 место. Это была уверенная победа ребят, которые заслуженно одержали победу и показали высокий уровень мастерства в знании и

11 - 13 лет. Среди подростков 14 - 18 лет в аналогичном жанре номинацию «Тіл майталманы» покорила Мендібай Айнұрым и ученица 11 класса Қурманжан Альмира.

Особо хочется отметить педагогов Несипбекову Шолпан Келисовну и Мекишову Сандугаш Аймишовну, которые уделяют большое значение в развитии одаренных учащихся и вносят немалую лепту в их развитие. Впереди у ребят новые планы и, конечно же, новые горизонты. Думаю, что им покорится немало вершин, и они станут успешными гражданами своей страны. Давайте же, пожелаем им дальнейших успехов и достижений!

Ш. НУКЕБАЕВА.



платы, минимальная пенсия, величина прожиточного минимума, которые ежегодно индекси-

руются - минимальный размер пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных видов пенсионных взносов, необходимый для обеспечения

минимальной достаточности - это тот минимум, который должен остаться на счете, чтобы вкладчик, при достижении пенсионного возраста получал с учетом

ности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством

Пороги минимальной достаточности пенсионных накоплений на 2023 год

В соответствии с требованиями законодательства, за один месяц до наступления нового года ЕНПФ опубликовал в СМИ и на сайте пороги минимальной достаточности (ПМД) на 2023 в рамках досрочного использования пенсионных накоплений на альтернативные цели. Надо отметить, что ПМД на 2023 год составили от 3 до порядка 10 миллионов тенге в зависимости от возраста.

Некоторые изменения величин порогов объясняются тем, что при их расчете используются такие социальные показатели как минимальная заработная

платятся.

На 2023 год предусмотрено, что минимальная заработная плата составит 70 тысяч тенге, минимальная пенсия 53 076 тенге, минимальный размер государственной базовой пенсионной выплаты составит 24 341 тенге, прожиточный минимум - 40 567 тенге. Повышены и другие социально-значимые показатели, которые учитываются при расчете порогов.

Напомним, что законом «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» определено, что порог минимальной достаточности пенсионных нако-

плений не ниже размера минимальной пенсии, установленного законом о республиканском бюджете.

Методика расчета ПМД утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан №1042 от 2 октября 2013 года (с изменениями и дополнениями от 6 января 2021 года).

Согласно утвержденной Методике, величины ПМД пересматриваются ежегодно для каждого возраста и учитывают повышение (индексацию) будущих пенсионных выплат и пенсионных взносов.

Другими словами, порог ми-

ниимальной базовой пенсии совокупные выплаты не менее минимальной пенсии.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффектив-

ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

Пресс служба АО «ЕНПФ».

Люди и судьбы



Отыншы Альжанов родился 12 августа 1873 в Нарынской волости Зайсанского уезда Семиалатинской области. Он получил хорошее образование: окончил русско-казахское училище (1887), Омскую гимназию (1890), Омскую учительскую семинарию (1894). Работал делопроизводителем в Омском генерал-губернаторстве, переводчиком Акмолинского областного суда и заведующим русско-казахским училищем города Кокпекты.

В 1907 году на заседании Комиссии по рассмотрению Закона о просвещении и школах инородных народов в городе Санкт-Петербурге выступил с докладом о проблемах просвещения казахского народа, в котором разоблачал последствия миссионерской направленности царской учебно-образовательной системы и выступал против произвола переселенцев, заселяющих казахскую степь.

В 1909 году его сослали на 5 лет в Лепсинский уезд Семиреченской области. После Февральской революции 1917 года Отыншы Альжанов стал одним из руководителей движения «Алаш» в Семиречье. В начале лета 1917 года комиссар Временного правительства Семиреченской области Орест Авенирович Шкапский принимает решение о создании Лепсинской уездной народной милиции и поручает это Отыншы Альжанову, который совместно с Садыком Аманжоловым и Сатылганом Сабатаевым начинает набор молодежи в конную милицию из числа местных жителей, имеющих опыт военной службы. Тогда же в городе Лепсинск был опубликован приказ военного комиссара о призыве ранее демобилизованных солдат старших и средних возрастов.

15 июня в городе скопилось большое количество солдат фронтовиков, среди них были фельдфебель Захар Дегтярев и солдат Федор Черкашин. Караульная команда собирала призывников для дальнейшей отправки по боевым частям, что вызвало недовольство. Постепенно волнения переросли

в бунт. Начальник Лепсинского гарнизона Левадный пытался договориться с призывниками, но 2 июля 1917 года З. Дегтярев собрал митинг, где призывал не идти на фронт. Были арестованы учителя Собянин, Соколов и Алексеев, призывавшие продолжить воевать с Германией. Митингующие приняли решение: сформировать 5 гарнизонов по 200 человек для борьбы с Временным правительством;

арестовать уездного комиссара В. Балабанова (Балабанов Василий Васильевич 1873-1947, в 1920 эмигрировал в Китай, в 1926 – в Канаду, умер в г Ванкувер); сместить с должности его товарищей Альжанова и Озмителя;

потребовать 10 солдат для ареста Отыншы Альжанова, который собирался в Оренбург на Первый Всекиргизский съезд.

Солдатами-большевиками были избиты налоговый инспектор Радкевич и арестован городской голова И. Попков. Митингующие вывесили красный флаг с надписью: «Долой старое Лепсинское правительство

– Да здравствует свобода!». В течение недели восставшие и Совет во главе с Дегтяревым и Черкашиным удерживали власть в Лепсинске. В газетах того времени писали: «Лепсинск бунтует!». Прибывший из Копала отряд милиции О.Альжанова оцепил всех бастующих. Сам Отыншы Альжанов лично выступил на митинге, призвав всех к миру. Об этом вспоминал старший сын О.Альжанова - Мукаш.

Местные власти объявили о военном положении в Лепсинске. Начались аресты. З.Дегтярев и Ф.Черкашин окружным путем отправились в Верный. На берегу реки Тентек их настиг отряд атамана Осипова, и руководители Лепсинского восстания против Временного правительства были убиты.

Уже на Втором съезде в декабре 1917 года Отыншы Альжанов был избран членом правительства Алаш-Орды и продолжил формирование войска Алаш-Орды. Погиб 21 августа 1918 года, когда командовал отрядом Алашской милиции в ауле Науалы недалеко от с.

Маканчи в сражениях против Красной Гвардии. С несколькими джигитами поднявшись на крышу мельницы, отстреливался из пулемета, мельница была подожжена, Отыншы и двое его воинов погибли в огне пожара.

Отыншы Альжанов был женат на Нуржамиле Кеменгеровой. Она была младше его на 12 лет. У них выросли дети Бибифатима, Мұхамедқасым и Галымжан (1910). Оставшись вдовой в 37 лет, Нуржамиля сохранила верность памяти своего супруга. Много сил Нуржамиля вложила в обучение своих детей. Сначала дети учились в Лепсинском 3-х классном училище, затем в 2-х классном мужском училище. Старший сын Мукаш поступил на курсы финансистов в Омске и проработал по этой специальности до конца своих дней. Второй сын - Галымжан поступил в Ташкентский сельскохозяйственный институт, окончив его в 1936 году. Затем он поступил в Ленинградский университет, на факультет востоковедения. Здесь он успел проучиться вместе со своим другом и земляком Алькеем Маргуланом всего 2 года. Они жили в одной комнате общежития, а в 1938 году НКВД арестовало Галымжана как сына члена правительства Алаш-Орды. Студенты были вызваны на суд тройки НКВД. Не выдержав жестокого обвинения, Алькей Маргулан порезал себя бритвой. Его срочно отправили в больницу. Этим поступком Алькей себя спас от преследования и смог закончить учебу в Ленинградском университете. Галымжану же присвоили клеймо «врага народа» и отправили в ссылку. Друзья смогли встретиться только в 1962 году.

Галымжан долгое время плодотворно работал агрономом. Вместе с Шыганакком Берсиевым в 1940-е годы вывел сорт многоурожайного белого проса. За достижения селекционных работ в зерноводстве в 1950-1955 гг., Галымжана Альжанова назначили руководителем сельскохозяйственного павильона Казахстана на ВДНХ СССР в

городе Москве. Внешне Галымжан Альжанов был похож на отца. Тоже высокий, статный, с красивым благородным лицом, с веселым нравом и ясным умом. У Галымжана Альжанова родилось пятеро детей: двое сыновей - Алькей и Рахан, трое дочерей - Асия, Нурила и Халида. Умер Галымжан Альжанов в 1965 году.

У фамильной династии Альжановых всегда было очень много родственников. Интересна судьба родного дяди Отыншы Альжанова - Изгутты - брата Альжана. Найманы отдали его в род «тобыкты» по обычаю «жан мен жан» (вместо выданной замуж сестры бия Кунанбая). Когда Изгутты вырос, стал одним из доверенных лиц Кунанбая. Все финансовые и имущественные дела в аулах Кунанбая решал Изгутты. В 1846 году 42-летний бий Кунанбай Ускенбаев был приглашен на берега реки Лепсу (в Ой-Жайлау) для подписания договора между Старшим и Средним жузами. Возможно и Изгутты вместе с Кунанбаем был в Лепсинске. Изгутты был главным сватом при женитьбе Абая, сопровождал Кунанбая в Мекку. Когда Кунанбай заболел во время хаджа 1874 года, Изгутты посадил Кунанбая на спину и обошел Каабу семь раз. Умерли Кунанбай и Изгутты почти одновременно (1886-1887). О судьбе Изгутты знал и Мухтар Ауэзов, таким образом переплелись истории славных сынов казахского народа.

11 августа 2016 года в Урджарском районе (в 1867-1928 гг. один из трех участков Лепсинского уезда) был установлен памятник Отыншы Альжанову. Обычай строить курганы и устанавливать памятники на могилах умерших возник давным-давно. На территории Лепсинского сельского округа более 200 различных курганов. Есть и памятники, но это уже другая страница истории Лепсинска.

М. ХАЙБУЛИН,
научный сотрудник
Лепсинского
исторического музея.

